

## БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ

## Қазақ тілін мәтін арқылы меңгерудің тиімділігі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
19.03.2023СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/134972/

## Қазақ тілін мәтін арқылы меңгерудің тиімділігі

Сөйлеу әрекетін дамыту-орта мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарының басты міндеті, сондықтан бұл бағытта үнемі және жүйелі жұмыс қажет. Өздеріңіз білетіндей, сөйлеу әрекетінің түрлері ауызша және жазбаша сөйлеу болып табылады. Сөйлеу — бұл адамның ең күрделі іс-әрекеті, оның ішінде байқау, ойлау, қиялдау, сонымен қатар тыңдау және есту қабілеті. Ең алдымен, балаларға сөйлеу ойлауын, сөйлеу шығармашылығын, сондай-ақ басқа біреудің сөзін қабылдауды үйрету керек. Мектепте қазақ тілін оқыту бірден бірнеше мақсатты жүзеге асыруға бағытталған: практикалық мақсат-байланыс; жалпы білім беру мақсаты-тілді үйрену арқылы адам өзінің көкжиегін кеңейтеді; тәрбиелік мақсаты-адам өз елінің мәдениетін құрметтеуге үйренеді; дамытушы мақсат-білім алушы есте сақтау қабілетін, сөйлеу қабілетін дамытады. Бұл мақсаттар айқын көрсетілмесе де, сабақта қолданылып жүзеге асырылады.

Орыс сыныптарында қазақ тілін оқытудағы ең негізгі мақсаты-тілді үйрету, яғни оқушы белгілі дәрежеде қазақ тілінде сөйлеу керек, басқаны түсіну керек, оқыған шығарманын мазмұнын түсіну керек, өз ойын басқа адамға жеткізе білу керек. Бұл үшін сабақ барысында мәтіндер қолданылады. Мәтіндерді қолдану мақсаты – балалардың сөздік қорын дамыту, мәтінді талдай білу, сонымен бірге ауыз және жазба тілінің дағдаларын қалыптастыру.

Тілдік дайындықтағы ең тиімді форма оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың, сөздік қорын толықтырудың, сөйлеу сапасын жақсартудың шарттарының бірі мәтінмен жұмыс жасау деп санаймын. Мәтін-сөйлеу тілді дамытудың бірден бір негізі. Мәтін арқылы оқытудың барлық мақсаттары олардың кешенінде жүзеге асырылады: коммуникативті, дамытушылық, тәрбиелік. Мысалы, қазақ тілі сабағында едәуір уақыт сөздік дайындыққа бөлінеді. Жаңа сөздер мен терминдерді есте сақтау және бекіту өте маңызды. Әр түрлі контексте олар әр түрлі мағына береді, сондықтан мәтіндік материалдағы барлық сөйлеу бұрылыстарын пысықтау, сөз тіркестерін, қарапайым сөйлемдерді құрастыруда тәжірибе жасау, сөйлемдердегі сөз тәртібін қайталау, синонимдерді немесе антонимдерді бөліп көрсету, сөйлем мүшелерін табу,

сөйлеудің қай бөлігіне жататынын нақтылау өте маңызды, жаңа сөздер. Мәтіндік материалда сіз сөзжасамда тәжірибе жасай аласыз. Сөйлеу дағдыларын дамыту үшін одан да көп мүмкіндіктер бар. Біріншіден, мәтін бойынша жұмыс оқу техникасын жақсартуға, дұрыс айтуға, лексикалық қорды толықтыруға көмектеседі. Оқушылар сөздердің емлесін көзбен көріп, есте сақтайды, стилистикамен айналысады, мәтіндегі басты нәрсені бөліп көрсетуді, кілт сөздерді табуды, салыстыруды, қысқартуды үйренеді.

Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін (сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу) жетілдіруді көздейді. Сөйлеу әрекетін дамытуда мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру қамтамасыз етіледі. Мәнерлеп оқу оқушылардың сөйлеу, есту қабілетін дамытады. Әр мәтіннің монотонды, түсініксіз оқылмауын қамтамасыз ету өте маңызды.

Сонымен қатар мәтін тілдің көркем сөзде, яғни сөз өнерінде атқаратын қызметін жан-жақты танытуға жетелейді. Мазмұны терең, тілі көркем мәтіндер – оқушының сөйлеу шеберлігін дамытудың көзі болып табылады. Мәтін арқылы көркем әдебиетті оқуға талпынады, өз бетінше талдап үйренеді, әдемі сөйлеуге қызығушылығы артады. Мәтінді талдау барысында өзара ой бөлісуге, пікір таластыруға, ортақ ой қорытындыларын жасауға үйренеді.

Ал мәтінмен жұмыс жасауда оқушының алдына қандай талаптар қойылады?

#### **Оқушының дайындығына міндетті деңгейіне қойылатын талаптар:**

- Мәтіндегі негізгі ойдың басталуын, жалғасуын, аяқталуын анықтай алуы
- Мәтіннің атауы, мәтіннен кейінгі сұрақ-тапсырмаларды таба алуы;
- Мәтін мазмұнын қысқаша әңгімелей алуы
- Мәтіннің түрлерін сипаттау, әңгімелеу, пайымдау және ажырату;
- Мәтіннің негізгі ойы ;
- Эссе мен шығарма жазу;
- Сұрақтарға жауап беру

#### **Осы қойылған талаптарға оқушының тілі сай болуы үшін мынадай жұмыстар атқару қажет:**

1. Мәтінді түсініп оқу, іштей оқу;
2. Мәтіндегі түсінбеген сөздермен сөздік жұмысын жүргізу (қарапайым сөздермен сөз мағынасын түсіндіру)
3. Жаңа сөздерді қатыстырып сөйлемдер құрату;
4. Мәтіндегі кейіпкерлерге мінездеме беру, сипаттау
5. Әңгімені өз жаныннан толықтыру, аяқтау;
6. Мәтінді сахналау;

7. Мәтін бойынша өз ойын айта білу;
8. Мәтіннің неге үйрететінің, тәрбиелейтінің айту.
9. Көз жүгірте, шолу жасай отырып оқу;
10. Мәтіннің тақырыбы мен бастапқы бөлігіне сүйене отырып, оқиғаның дамуын болжау;
11. Мәтіннің негізгі ойы мен бөліктерін анықтай отырып оқу;
12. Ақпаратты табу үшін оқу, қызығып оқу және өз көзқарасын айту үшін оқу, мәтінге ауызша және жазбаша шолу жасау.

**Мәтінмен жұмыс жүргізуде орындалатын кейбір тиімді тапсырмалар мен әдіс-тәсілдер:**

#### **«Баяндама»**

Мұғалім оқушыларға мәтінді оқуға, соңынан оның мазмұнын сурет, сызба түрінде беруді ұсынады. Бұл «шпаргалканы» оқушы оң жағындағы көршісіне береді. Енді әрқайсысы өз көршісінің суреттерін не сызбаларын қолдана отырып, осы мәтін бойынша «баяндама» жасайды. «Баяндама» мазмұнын неғұрлым кең ашып, оны қорғап, ең жақсы өрнекті ұсынған оқушы жеңімпаз болады.

#### **«Бір сөйлеммен түйіндеу»**

Оқушылар олардың тақырып бойынша білімдерін түйіндейтін бір сөйлем жазады. Сөйлемдер кім, не, қашан, неліктен, қалай, қай жерде және т.б. сөздерден тұруы мүмкін. Содан кейін сөйлемдерді сыныптастар бағалай алады, немесе көшіріп жазады, т.б

#### **«Данышпан үкілер»**

1. Мәтінмен жұмыс істеудің негіздері. Мәтіннен негізгі (жаңа) ұғымдарды тауып, оларды алфавиттік ретте жазыңыз. Мәтіннен сіз күтпеген, сіздің бұрынғы ұғымдарыңызға қарсы тұрған ақпаратты табыңыз. Сізге жаңалық болған ақпаратты жазыңыз.
2. Маңызды өмірлік даналық. Мәтіннің негізгі ойын бір сөйлеммен білдіріңіз.
3. Таныс және таныс емес. Мәтіннен сізге алдында таныс болған және мүлдем таныс емес ақпаратты табыңыз.
4. Иллюстрациялық бейнелеу. Мәтіннің негізгі ойын сурет, сызба, карикатура т.б. арқылы бейнелеп көріңіз.
5. Үлгі боларлық қорытынды. Оқыған мәтіннен келешекте қажет болатын

маңызды қорытынды шығаруға бола ма?

6. Талқылауға арналған маңызды тақырыптар.Сыныпта талқылауға тұрарлықтай, ерекше көңіл бөлуге болатын ойларды, пікірлерді табың

### «Кейіпкерлер әлемі»

Ойын шарты: оқушылар топқа бөлінеді. Әр топ бір-бірлеріне әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар қояды. Сұрақтардың мазмұны шығарма кейіпкерлерімен, орын алған оқиғалармен байланысты болуы керек. Ұтымды сұрақ пен мәнді жауап бағаланады.

### «Кейіпкер»

Р/с	Шығарманың атауы	Кейіпкері	Қасиеттері қалай суреттелген	Кейіпкерге берілетін баға	Ой-тұжырым, мақал-мәтел, даналық сөз
1	«.....»				

### «Кейіпкерлерге мінездеме»

Әңгіме кейіпкерлері	Мінездеме

### «Сұрақ - жауапқа құрылған хат»

Ойынның шарты: Алты оқушыға алты түрлі сұрақ беріледі.

Бірінші сұрақ: “Кім? Не?” (яғни бір оқушы зат есімнен сөз жазады)

Екінші сұрақ: “Қай жерде?” (яғни жатыс септігіндегі тұрған кез келген сөзді жазады)

Үшінші сұрақ: “Не істеді?” (оны үшінші оқушы жазады)

Төртінші сұрақ: “Ол не айтты?” (бұл сөйлем төл сөз арқылы жазылады)

Бесінші сұрақ: “Адамдар не деді?” (бұл сөйлем де төл сөз арқылы жазылады)

Алтыншы сұрақ: “Оқиға немен тынды?” (1-оқушының зат есімін көріп, қорытынды жазады)

Бір қызығы әр оқушы қандай сұрақ берілгенін білсе де, басқалардың сұрағы мен жауабын білмейді. Сондықтан қызықты мәтін құрастырылады.

\* \* \*

Домбыра — қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі мурыкалық аспабы. Ол – қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-

фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең музыкалық аспап болып табылады. Домбыра ежелде қазақтың тарихын баяндаған музыкалық аспаптардың бірі.

**Тапсырма 1:** Тест.

1. Домбыра қай халықтың музыкалық аспабы? А) Қазақ Б) Орыс С) Қырғыз Д) Түрік
2. Қазіргі кезде домбыраны қай кезде қолданады? А) Жеке әнді сүйемелдеуге Б) Күй тартуға С) Халықтық фольклорлық музыка Д) классикалық шығармаларды орындауға Е) Барлық жауап дұрыс
3. Ежелден қазақтың тарихын баяндаған аспаптың бірі? А) Қобыз Б) Домбыра С) Жетіген Д) Сазсырнай

**Тапсырма 2:**

**1 топ** – мәтін мазмұнын 5 сөйлем арқылы мазмұндап беріңіздер.

**2 топ** – мәтіндегі 15 кілтті сөзді табыңыздар.

**3 топ** – мәтін негізінде 10 жалған тұжырымды жазып, басқа топқа олардағы қателерді анықтауға тапсырма беріңіздер.

**4 топ** – мәтін бойынша 4 жіңішке және 4 жуан сұрақтар құрастырыңыздар

Қорыта келе айтарым, мәтін — байланысты сөйлеудің, тіл дамытудың үлгісі. Ал мәтін арқылы сөйлеуге үйрету, сөйлеу әрекетінің түрлерін үйрету арқылы ғана жүзеге асады. Олай болса, мәтін мен сөйлеу әрекетінің түрлерін — бөле қарауға келмейтін, өз қызметтерін бірлікте ғана атқара алатын бірліктер деп айтуға болады. Сондықтан да мәтін тілді оқыту жүйесіне лайықталып сұрыпталады. Сабақ үстінде оқытушы неғұрлым аз сөйлеп, оқушы сөзін көбірек тыңдаса, оқушылар өз бетімен сөйлеуге әрекеттенеді де, сөйлеу дәрежесі жоғарылайды дегім келеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Балақаев.М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. Алматы, 1989.
2. Бітібаева Қ. Тіл дамыту жұмыстарын жүргізу, Алматы, 2005.
3. Ж.Дәулетбекова «Оқушылардың тілін дамыту жолдары», Алматы «Рауан» 2000
4. <https://infourok.ru/material.html?mid=97470>
5. <https://bilimdinews.kz/>
6. Сборник заданий направленных на развитие функциональной грамотности учащихся 7-9 классов в рамках реализации областного проекта «Таным», Караганда,2017 г.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.